

УДК 811

**МӘДЕНИ МҰРА ЖӘНЕ КИНО ӨНЕРІ:
КИНО ӨНЕРІНДЕГІ ТІЛДІК НОРМАНЫҢ САҚТАЛУЫ**

Кемелбек Рашид Қалдыбекұлы

kemelbek2022@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Журналистика» мамандығының 1 курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - А. Қадысқызы

Қазақстан егемендігін алғанына 30 жылдан асты. Бүгінгі таңда еліміз өзге елдермен терезесі тең, керегесі биік болды. Әр халықтың өзіндік мәдениеті мен әдебиеті болады. Ұлттық құндылықсыз ешбір мемлекет-ел болып қалыптаса алмайды. Осы мақалада еліміздің мәдени мұрасы мен кино өнері, және де сол саладағы тілдік норма жайында сөз қозғалады. Қандай да бір мемлекет болмасын, ол мемлекеттің сан ғасырлар бойы қаймағын бұзбай сақтап келе жатқан өзіндік салт-дәстүрлер сабақтастығы, ұлттық коды немесе басқаша айтқанда мәдени мұрасы болады. Соның ішінде біздің мемлекетіміз Қазақстан халқы дүниежүзі өркениетінің қазынасы саналатын мәдени құндылықтарға ие. Қазақ даласы, өзіндік қызығы мен шыжығы мол тарихымен ерекшеленеді. Қойнауы терең сыры әлі де ашыла қоймаған көптеген сәулет ескерткіштері қазақ даласының төрінен орын алады. Ескерткіштер көне тарихтан сыр шертеді. Көне тарихымыздың заттай дерегі тарих және сәулет ескерткіштері болып табылатындығы сөзсіз. Бұл ескерткіштерді өткеннің келешекке қалдырған аманаты, ата-бабаларымыздың үзілмей келе жатқан салт-дәстүрлерінің нақты көрінісі деп қарауға болады. Оларды қорғап, сақтап және қадір-қасиетін жалпы көпшілікке таныстырып отыру өте маңызды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Туған жерге деген сүйіспеншілік...білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді...жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді» деп ұлттық құндылықтарымызға қамқорлық жасап, туған өлке тарихын біліп өсу, сөйтіп бүгінгіні өткен тарихпен сабақтастыру туған жерге деген сүйіспеншіліктің түп-тамыры болып табылатындығы жайлы айтқан болатын. Сондай-ақ, бұл бағдарлама қазақтың төл тарихынан ойып тұрып орын алатын әрі елдігіміздің тұмары, өркениетіміздің жәдігері болған жергілікті деңгейдегі тарих және мәдениет ескерткіштері мен нысандарды қалпына келтіру

бастамасын да қолға алуды ұсынады. Елімізге жан-жақтан ағылып келіп жатқан туристтер қазақтың қазақ екенін мәдени сәулет ескерткіштерін аралап, көріп бағамдайды. Тарихы мен мәдениеті жоқ ел болмайды.

Біз көне сәулет ескерткіштеріне өте бай халықпыз. Атап айтқанда: Арыстан баб, Қожа Ахмет Йассауи, Көккесене, Алаша хан, Дәуітбек, Тектұрмас кесенелері, Айша бибі, Домалақ ана, Сайрамдағы сансыз баптарымыз, Қозы Көрпеш Баян сұлу, Бекет ата, Қорқыт ата т.б санжетпес бойы шежіреге толы толасыз көне ескерткіштер. Бұл тек кесенелер ғана, ал түрлі көне тарихи орындар мен кешендер, мазарлар мен мүсіндерді айту бір төбе. Қазақ елі көне тарихқа бай ел. Қазақ елінің әлемнің дербес, алпауыт мемлекеттерімен терезесі тең, керегесі биік болу үшін, көне сәулет ескерткіштерді-баға жетпес мұра деп сақтау қажет. Қазақстан халықтарының мәдени мұрасында тарихи маңызы бар мұрағат құжаттарын анықтау арқылы сипатталады. Әсіресе, осы бағытқа арналған ең ауқымды шара ол Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасы . «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – мәдени, экономикалық және әлеуметтік капитал, жалпы адамзаттық мәдениеттің құрылымдық бөлігі, этнос, қоғам, адам парасатының дамуы мен құрылуының бастауы, тарихи естеліктердің маңызды қоймасын жасау және қорғау бағдарламасы. [1.53 б]. Ежелгі тарихтың негіздерін бүгінгі күнмен қосатын жолды құрап, уақыттың үзіліссіз байланысын көрсететін қазіргі дау-дамайдағы адамзатқа қажетті көп қырлы қоғамның тарихи тәжірибесін зерттейді. Тарихи-мәдени мұрамен хабардар етіп, тек тарихты ғана емес, сонымен қатар болашақта болатын жағдайды баяндайды. Сондықтан да, Елбасымыз осыдан 15 жыл бұрын, яғни 2003 жылы сәуірде Қазақстан халқына жолдауында арнайы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырған болатын. Бағдарламаны жүзеге асыру 2004 жылы басталған болатын және екі жылға есептелген. Кейін тағы екі кезең құрылды: 2007 жылдан 2009 жылға дейін және 2009 жылдан 2011 жылға дейін.

Бағдарламаның кезеңдері:

- 2004-2006 жж.
- 2007-2009 жж.
- 2009-2011 жж.

Бағдарлама бірнеше бағыттар бойынша іске асады. Бұл бағдарлама арқылы еліміз мәдениет саласынан көш бастап келеді. Елімізде мәдени мұраны зерттеу және дамытудан бөлек, кино өнеріде өзіндік бір жаңа белестерге шығып айқындала түскен. Ғасырға жуық мерзімді кері шегерсек, қазақ киносының кино әлеміне әупірімдеп қадам басқан кезеңіне табан тірейміз. Әлбетте, кино әлеміне нық-нық қадамдар жасап, сол әлемде таңба қалдыру осы саланың ұшынан ұстағандар үшін өте қиын болды. Өнердің алтын сандығы іспеттес қазақтың кино өнері өз жеңісін Қазан төңкерісінен кейін бастады. Алғаш рет 1938 жылы "Ленфильм" киностудиясында түсірілген "Амангелді" фильмі көгілдір экранға жол тартты. Сондай-ақ фильм ең алғашқы белгілі тұлғаға арнап түсірілген туынды еді. Бұл фильмнен кейін де қазақ кино қоржыны еншісін көрермен көзайымына айналған талай кинотуындылармен майлады. Бүгінгі жаңа әртістер, жаңа кинолар, жаңа режиссерлер өткен күннің елесіне айналған ғасыр бұрынғы туындылардың ізін суытпай, қыл көпірін жалғап келеді. Әрине, бұл қазақ киносының белгілі дәрежеге ие екенінің айғағы. Сондай мәдени ошақғының бірі ол көрерменге кино әлемінен сыр шертетін «қазақфильм» киностудиясы.

Біршама киноны дүниеге әкелген мәдени орта 1934 жылы Алма-Ата кинохроника студиясы ретінде құрылды, 1936 жылы алғашқы деректі фильмдер шықты. 1941 жылы 15 қарашада Алма-Ата киностудиясы Қазақстанға эвакуацияланған «Мосфильм» және «Ленфильм» киностудияларымен біріктірілді Орталық біріккен киностудия - ЦОКС, олар 1944 жылға дейін Алматыда жұмыс істеді және бүкіл отандық көркем фильмдердің 80% өндірді.

1960 жылы 9 қаңтарда көркем фильмдер мен кинохроникалардың Алма-Ата киностудиясынан «Қазақфильм» киностудиясы болып өзгертілді. 1984 жылы киностудияға ұлттық кинематографияның көрнекті қайраткері Шәкен Кенжетайұлы Аймановтың есімі берілді. “Қазақфильмнің” қалыптасып, өркен жайып өсуіне Шәкен Айманов, Мәжит Бегалин, Сұлтанмахмет Қожықов, Ораз Әбішев сияқты белгілі киноөнер қайраткерлерінің қосқан үлестері елеулі.

1953 – 1970 жылы Айманов студияның көркемдік жағын басқарды. “Махаббат туралы дастан” (реж. Айманов, К.Гаккель), “Жамбыл” (реж. Е.Дзиган), “Ел басына күн туса” (реж. М.Бегалин), т.б. фильмдер қойылды. “Қазақфильмде” ұлттық кино өнерінің қайталанбас туындылары “Атамекен”, “Біздің сүйікті дәрігер”, “Алдар көсе”, “Атаманның ақыры”, “Мәншүк туралы ән”, “Қыз-Жібек”, т.б. фильмдер түсірілді. Кинохроника, деректі және ғыл.-көпшілік фильмдермен қатар анимац. фильмдер де түсірілді. Қазақ анимациясының негізін салушы Әмен Қайдаров “Қарлығаштың құйрығы неге айыр?” деген мультфильмін түсірді (1967). “Қазақфильмде” 100-ден астам осындай фильм түсіріліп, 1000-нан астам шет ел және ТМД елдерінің фильмдері қазақ тіліне аударылды. 1990 жылдан бастап “Қазақфильм” киностудиясы Франция, Жапония, Ресей сияқты елдердің киностудияларымен бірлесіп фильмдер түсіріп келеді. Сондай “Нәзік жүрек”, “Ақсуат”, “Фара”, т.б. фильмдер халықаралық кинофестивальдердің жүлделерін иеленді, шет елдерде кеңінен жарнамаланып, көрсетілді. “Қазақфильм” павильондарында “Тоғысқан тағдырлар”, “Саранча” (“Шегіртке”) секілді телевизиялық көп сериалы фильмдер түсірілді. 2003 жылы “Қазақфильм” киностудиясында “Көшпенділер” (сценарийдің авторы Р.Ибрагимов, режиссерілері И.Пассер, Талғат Теменов), “Сардар” (сценарийдің авторы О.Агишев, режисер Болат Нұрғалиұлы Қалымбетов), “Ащы көлдің жағасында” (сценарийдің авторы И.Вовненко, режиссер Асанәлі Әшімұлы), “Аңшының отбасы” (сценарийдің авторы және реж. Серік Апырымов), т.б. фильмдері түсіріле бастады. “Қазақфильм” аумағында (19 га) 2 павильонды киноға түсіру ғимараты, сол сияқты декоративтік-тех. құрылыстар, дыбыс студиясы, өндірістік-лабораториялық құрылыстар орналасқан. Тәуелсіздік алғаннан бері (1991-ші жылдан бастап) «Қазақфильм» киностудиясы шамамен 136 толық метражды көркем фильм түсірген (оның алтауы телевизиялық көркем фильмдер); 73 қысқа метражды фильм; 258 деректі фильм (оның сегізі деректі сериалдар); 67 анимациялық фильм (оның ішінде 1 анимациялық сериал, 1 толық метражды анимациялық фильм). 2008 жылдан бастап осы күнге дейін «Қазақфильм» киностудиясының 200 астам картиналары әлемдегі 60 елдегі 220-дан астам халықаралық байқаулар мен көрсетілімдерге қатысты [2,18].

Бүгінгі күні тарихи және деректі фильмдермен ғана толып тұрған киностудия қабырғасына жаңашыл кинолар мен алға ілгерілеу жетіспейді. Жыл өтіп, уақыт алға жылжуда, дегенмен қазақфильмді жандандырып, шынайы жаны ашитын жастар жоқтың қасы. Бәрі де өткен, негізін қалаған тұлғалармен қалып қойғандай. Қаржы бөлінсе жақсы режиссер жоқ, режиссер табылса лайықты сценарий жоқ жағдай көп кездеседі. Қазақтың қазақ екенін дәріптеп, әлем ареналарына таныту үшін елімізге сапалы фильмдер мен мықты мамандар қажет. Қазақфильмнің бүгінгі ахуалын жақсарту үшін осы салада толасыз жұмыс жасайтын команда керек, сонда ғана қазақ мәдениеті қазақфильмімен баянды жасамақ.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстандағы киностудиялардың саны да едәуір өсті. Мемлекет енді ғана аяғынан тұрып жатқанда, өнердің бұл саласы бірде шеткері, бірде ілгері жүріп жатты. Туындылардың жарыққа шығуына ең үлкен кедергі киностудиялардың шығынға ұшырауы еді. Жекеменшік киностудиялар өздерін қаражатпен қамтамасыз ете алмаған соң, мемлекет те аянып қалмады. Соның арқасында тек авторлық фильмдерді ұсынып жүрген киностудиялар, түрлі жанрдағы фильмдерді де түсіруге қол жеткізді. Осыдан кейін мемлекет пен киностудиялар арнайы келісімшарт жасасып, кино өндірісінің дамуына айтарлықтай қолдау көрсетті.

1997 жылдан кейін елде кино саласы тоқырауға ұшырады. Бұл тек қазақ кино саласында емес, жалпы Орта Азия елдерін қамтыған үдеріс болды. Ал бұның себебін анықтау әлеуметтанушылар мен киносыншылардың еншісінде. Ал жаңа бетбұрысқа көшу өнердің бұл саласында айқын көрінді. Тарихи туындылардың қатары көбейді. 2000 жылдан бері қарай жарыққа шыққан тарихи кинолар жиынтығын: "Көшпенділер", "Сардары", "Жау жүрек мың бала" фильмдері құрады [2, 19]. Бұл тек тарихи кинолардың бірен-сараны ғана. Бір қызығы, 2005 жылдан жоғары көтерілгенде жаңа леп, жаңа толқын уақыты келіп жетті. Бұл уақытта продюсерлер мен режиссерлердің жаңа сарыны қазақ кинематографиясының көшіне ілесіп үлгерді. Осы уақыт аралығында белсенділігімен көзге түскен - Ермек Тұрсынов. Ол бүгінге дейін біраз кинолардың сценарийы үшін қалам серіпкен. Оның ішінде, "Жат", "Шал", "Кемпір", "Кенже" және т.б. фильмдердің режиссері және сценарисі болды. Кейін бұл көштің соңын Баян Алағөзова, Нұртас Адамбай, Нұрлан Қоянбаевтар жалғады. "Ғашық Жүрек", "Ғашық Жүрек-2", "Осторожно, корова", "Махаббатым жүрегімде", "Траторшының махаббаты", "Баян сұлу", "Сиситай", "Я Пышка" фильмі жарық көрді. Дәл осы типпен Нұртас Адамбайды да атасақ болады. Жастар арасында фильмдері айтарлықтай беделге ие болған продюсер 2014 жылы шыққан "Келинка Сабина" арқылы көпшілік жұртқа танылды. Нұрлан Қоянбаевқа келер болсақ, ол ең алғаш "Бизнес по-казахски" фильмімен бастап, ары қарай осы фильмді жалғастырды.

Қазір қазақ фильмінің дамуына өз үлесін қосып жүргендердің қатарынан. 2019 жылы тарихи мәні зор "Томирис" фильмі жарық көрді. Фильм сюжетінде: Тарих, сенім, намыс, елге, жерге деген шексіз құрмет пен риясыз махаббаттың өрнегі кестеленгендей. Егер, нақты статистикаға сүйенсек, еліміздің кино саласында соңғы екі жыл ішінде 70-тен аса фильмнің түсірілім жұмысы аяқталды. Ұлттық кино жасауда сапалы деңгейге көтерілу байқалады. Ал үш жыл ішінде 20-дан астам фильм прокатқа шығыпты. Соңғы екі жылда отандық 40 фильм әлемнің 22 еліндегі 27 кинобайқауға қатысып, шетелдік мамандардың ерекше ілтипатына бөленген.

Ал, енді кино өнеріндегі тілдік нормның жағдайы қандай? Тілдік норма дегеніміз – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау деген сөз, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру [3, 32]. Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, олар сұрыпталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмсалады. Ол тәртіпті орнататын да, оның иінін қандыратын да әдеби тіл. Тілдің дыбыс жүйесі, сөз байлығы, сөз мағыналары, тілдің грамматикалық құрылысы – бәрі қалыптасқан заңды ерекшеліктерге негізделеді. Халық тілінің сан қабат байлығы басы бір жерге қосылмайтын бытыраңқы құбылыс емес. Олардың бәрінде әдеби тілге негіз боларлықтай заңдылықтар бар. Қазақ әдеби тілі халық тілінен өзіне керегін таңдап-талғап, сұрыптап алып, оларды жалпы жұртқа ортақ етіп, халықтың тіл мәдениеті дәрежесі жоғары болу үшін оларды бірізге түсіреді. Тілдік норма әдеби тілдің нормасы арқылы реттеліп отырады. Әдеби тіл нормасы өзгермейтін, сірескен қатаң қағидаларға құрылған жүйеге ғана емес, динамикалық қасиетке ие дағдыға да сүйенеді.

Мәселен, тілдік жүйе бойынша тізгінде, шылбырла, бұзаула, ботала, т.б. қолданылатын сөздер қатары ара-тұра ауытқуға жол береді. Салыстырыңыз: «ат тұсады» дегенді «ат тұсаулады», «қой қоздады» дегенді «қой қозылады» деу тілдік жүйеге кереғар болмағанымен, бірақ дағдыға айналып, дәстүрге енген құбылыс емес. Кейбір сөздерді қолдануда тілдік жүйе мен тілдік дағды қайшы келіп жатады. «Қозыла» деп қолдану тілдік жүйенің қысымы, әсер-ықпалы екенін байқау қиын емес. «Ат ертте» дегендегі ерттедіні «ерле» деп қолдану да соған ұқсас: «Көкем атты ерледі, ерлеп жүріп терледі» (Манашыұлы Тұяқбай) [3, 14]. Тілдік жүйе бойынша ерле болуға тиіс (салыстырыңыз: шідер-ле, жыр-ла, түр-ле («текеметке түр басу», т.б.). Кей жағдайда тілдік жүйе мен тілдік дағды айнымас бірлікте болса, кейде өзара қайшылықта болып күреске түседі. Тілдік жүйе бойынша «ерле» болуға тиіс сөздің «ертте» болуы жүйеге қарағанда дағдының басым түсуінен деп түсіну керек.

Кино өнеріндегі тілдік норманың қадағаланып, сақталуы сондағы барша жұмысшы адамдарға жіті байланысты. Киноның әдемі, әсерлі шығуы таза, бұқпасыз, боямасыз қазақтың әсем-маржан сөздерін қолданған кино сценарийіне де тікелей байланысты. Өз тарихын, өткен-кеткен өмірін, тегін, ата-бабаның көзіндей болған жердің қандай зұлматпен келгенін білу - әр қазақ баласының парызы іспетті.

Сондықтан тарих пен кино тамырласып, астасып жатуы тиіс. Кітап оқымайтын ұрпақ, көгілдір қораптың төрінен орын бермей, кино көреді. Сол үшін тарихи жанрдағы фильмдерді түсіру қомақты қаржыдан бұрын, саналы ұрпақтың санын көбейтуге септігін тигізеді. Мақаланы қорыта келе, елімізде мәдени мұраны дамыту және қорғау жұмыстары жақсы қолға алынып, елеулі жұмыстар атқарылған және кино өнері саласында да айтарлықтай жетістіктерге жеткенбіз. Жоғарыда аталып өткен деректер мен жасалған іс-әрекеттерге сүйенсек, алдағы бес жылдықта біз бұл көрсеткіштерден де жоғары бағамдар көрсете аламыз,-деп мен өз ойымды аяқтаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. М.Балақаев. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. А.: «Ғылым», 1984.-138 б.
2. Н.Уәлиев. Сөз мәдениеті. Алматы: «Мектеп», 1984.- 10-12 бб.
3. З.Бейсенбаева, Н.Уәлиев, Ж.Исмаилова, М.Қанабекова, Г.Қайдарова. Тіл мәдениеті (оқу құралы). Алматы, 2005.- 22-28 бб.
4. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі — Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005 ж.